

«КЕЛІСЕМІН»

Батыс Қазақстан облысы
спорттық бағдарлау
федерациясы
президенті **Н.Г. Касимов**



«БЕКІТЕМІН»

Батыс Қазақстан облысы
дене шынықтыру және спорт
басқармасының
басшысы: **Б.М. Сабитов**



Жүгіру арқылы спорттық бағдарлау бойынша Батыс Қазақстан облысының ашық Кубогінің ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты

- Облысымыздағы спорттық бағдарлауды насихаттау;
- Бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту;
- Жастар мен студенттер арасында спортты насихаттау;
- Жаттықтырушылар мен спортшылардың шеберліктерін шыңдау;
- БҚО құрамасына спортшыларды іріктеу.

II. Жарысты өткізуге басшылық

Жарысты ұйымдастыру мен өткізу бойынша жалпы басшылықты және тікелей өткізу Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі. Жарыс Қазақстан Республикасының спорттық бағдарлаудан жарыстар өткізу және IOF ережесіне сай өтеді. Қатысушылардан oggeo.ru ресми сайтында өздігінен жарысқа тіркелуі сұралады.

III. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 15 сәуір–17 сәуір күндері Орал қаласының аумағында өтеді. Қатысушылардың келу күні 15 сәуір сағат 14.00 – ге дейін.

IV. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық және қалалық балалар – жасөспірімдер спорт мектептерінің оқушылары, аудан командалары, мектеп оқушылары, колледж және ЖОО студенттері қатыса алады.

Жарысқа қатысушылардың жас ерекшеліктері:

- MW 18 (2008-2007ж.т. – ұл, қыз)
- MW21E (2006ж.т. жоғары – ер, әйел)
- MW31 (1994 ж.т. жоғары – ер, әйел)
- MW41 (1984ж.т. жоғары – ер, әйел)

Қатысушылар саны шектеусіз.

V. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 3 күн өтеді. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары: тұсбағдар (компас), ыңғайлы киімі болғаны дұрыс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

- жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұксаты
---	-------------------	---------------------------	----------------	--------------	--------------	--------------------

(сұранысты берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

- әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы

Алдын ала сұранысты 14 сәуір сағат 18.00 ге дейін міндетті түрде жіберу керек!!!

Жарысқа алдын-ала сұраныстарды онлайн түрде орgeo сайтына өздігінен тіркеледі немесе WhatsApp желісіне жіберу арқылы команда жетекшілері тіркейді. Жарыс бағдарламасын орындау үшін БҚО спорттық бағдарлау федерациясына старттық жарна төленеді.

Бір қашықтық картасының құны: M18-M41=500 тг. M21E-M31 = 1000 тг.

VI. Жарыс бағдарламасы

15.04.2025

14:00 – Командалардың келуі, тіркелуі.

15:00 – «Спринт» қашықтығы.

18:30 – Спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында Батыс Қазақстан облысының ашық кубогінің ашылу салтанаты.

19:30– «Спринт» қашықтығының марапаттау рәсімі.

20:00–Команда өкілдерінің отырысы.

16.04.2025

10:00 – «Ұзақ» қашықтығы.

16:00– «Ұзақ» қашықтығының марапаттау рәсімі.

20:00–Батыс Қазақстан облысы спорттық бағдарлау жаттықтырушыларның жиналысы. Төрешілер алқасының отырысы.

17.04.2025

10:00 –«Орта» қашықтығы

16:00 –Спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында

Батыс Қазақстан облысының ашық кубогінің жабылу салтанаты. Марапаттау рәсімі.

VII. Марапаттау

Жас мөлшері бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаздар әр қашықтық бойынша дипломдарымен, 3 қашықтықтың жалпы жиынтық ұпайлары бойынша жеңімпаздар Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының кубоктарымен марапатталады.

VIII. Қаржыландыру

Жарыс дипломдары, кубоктар, төрешілік қызмет үшін төлем "Жайық Арена" спорт клубы есебінен. Жарысқа қатысушылардың шығындары мен жарыс картасын алу өздерінен немесе жіберуші мекеме есебінен.

Кординаторлар:

Нурманов Райлан Ерсаинович бас төреші тел: 87776717546

Диланова Назира жарыстың бас хатшысы тел: 87477481009

Ұйымдастырушылар жарыс ережесіне аздаған өзгерістер енгізуіне құқылы!

Регистр

Басқару